

**2009 жылғы 1-8 қазан кезеңінде Астана қаласында Дүниежүзілік туристік ұйым Бас Ассамблеясының 18-ші сессиясын дайындау мен өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетін құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 12 желтоқсандағы N 278-ө  
Өкімі

2009 жылғы 1-8 қазан кезеңінде Астана қаласында Дүниежүзілік туристік ұйым Бас Ассамблеясының 18-ші сессиясын тиімді ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз ету  
мақсатында:

1. Мына құрамда ұйымдастыру комитеті құрылсын:

Мәсімов	- Қазақстан Республикасының
Кәрім Қажымқанұлы	Премьер-Министрі, басшы
Досмұхамбетов	- Қазақстан Республикасының Туризм
Темірхан Мыңайдарұлы	және спорт министрі, басшының
	орынбасары
Тасмағамбетов	- Астана қаласының әкімі, басшының
Иманғали Нұрғалиұлы	орынбасары
Ахметов	- Қазақстан Республикасының Көлік
Серік Нығметұлы	және коммуникация министрі
Құл-Мұхаммед	- Қазақстан Республикасының Мәдениет
Мұхтар Аббарұлы	және ақпарат министрі
Мұхаметжанов	- Қазақстан Республикасының Ішкі
Бауыржан Әлімұлы	істер министрі
Дәненов	- Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
Нұрлан Жұмағалиұлы	министрінің орынбасары
Қырғызбаев	- Қазақстан Республикасы Ұлттық
Болат Исатайұлы	қауіпсіздік комитеті төрағасының
	орынбасары - Шекара қызметінің
	директоры (келісім бойынша)
Есекеев	- Қазақстан Республикасы
Қуанышбек Бақытбекұлы	Ақпараттандыру және байланыс
	агенттігінің төрағасы
Кәрбозов	- Қазақстан Республикасы Қаржы
Қозы-Көрпеш Жапарханұлы	министрлігі Кедендік бақылау
	комитетінің төрағасы

Қуандықов - Қызылорда облысының әкімі  
Болатбек Баянұлы  
Рау - Ақмола облысының әкімі  
Альберт Павлович  
Жұмағалиев - "Қазақтелеком" акционерлік қоғамы  
Асқар Қуанышұлы басқармасының төрағасы (келісім бойынша)

2. Ұйымдастыру комитеті 2009 жылғы 1 сәуірге дейінгі мерзімде Астана қаласында 2009 жылғы 1-8 қазан кезеңінде Дүниежүзілік туристік ұйым Бас Ассамблеясының 18-ші сессиясын дайындау мен өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларының жоспарын әзірлесін және бекітсін.

3. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

*К. Мәсімов*